

**Шахтинск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 9 сәуірдегі XXXIII сессиясының "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 1115/33 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 1668/36 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 желтоқсанда № 5603 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 276/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 19.09.2023 № 276/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, қалалық маслихат, ШЕШІМ ЕТТІ :

1. Шахтинск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 9 сәуірдегі XXXIII сессиясының "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3182 тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 19 "Шахтинский вестник" газетінде, 2015 жылғы 15 мамырдағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) № 1115/33 шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген, әлеуметтік көмек көрсету, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін белгілеу және тізімін айқындау қағидаларында:

7 тармақтың 16) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"16) амбулаториялық емделу кезінде, әлеуметтік мәні бар "туберкулез" ауруы болса,";

7 тармақ келесі мазмұнда 17) тармақшасымен толықтырылсын: "17) операциядан кейінгі емдеу кезеңінде әлеуметтік маңызды аурудың "қатерлі ісіктер" болуы.";

10 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;  
2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) амбулаториялық емделу кезінде, әлеуметтік мәні бар "туберкулез" ауруы болса;

4) операциядан кейінгі емдеу кезеңінде әлеуметтік маңызды аурудың "қатерлі ісіктер" болуы;

5) ең төмен күнкөріс деңгейінен 0,6 еселік мөлшерден аспайтын жанбасына шаққандағы орташа табыстың болуы.";

11 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Әлеуметтік көмектің өлшем шегі - 378 айлық есептік көрсеткіште наспайды.".

15 тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Шахтинск қалалық мәслихатының хатшысы*

*С. Пак*

*Ж. Мамерханова*